Әділет

Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 қарашадағы № 565 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 3 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5025 болып енгізілді

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Министрдің міндетін
атқарушы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2007 жылғы 21 қарашадағы
N 565 бұйрығымен бекітілген

Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптар

Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Куәліктерді, аттестаттарды, кәсіптік даярлау туралы куәліктерді, дипломдарды және олардың қосымшаларын оқу орны каллиграфиялық жазумен (қара тушьпен немесе қара түсті шарлы қаламмен) немесе баспа жабдығының көмегімен толтырады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Куәліктердің, аттестаттардың, кәсіптік даярлау туралы куәліктердің, дипломдардың бланкілері (бұдан әрі - бланкілер) және олардың қосымшалары қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бланкілер мынадай үлгіде толтырылады:

1) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттағы (немесе оның орнына жүретін құжаттағы) жазуға сәйкес (барыс септігінде).

2) шетелдік азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) орыс тілді

транскрипциядағы ұлттық төлқұжатының деректері бойынша жазылады. Транскрипция оқу орнын аяқтаған адаммен келісілуі тиіс.

3) «Білім беру ұйымының толық атауы» деген жолда оқу орнының ресми атауы көрсетіледі (табыс септігінде).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құжаттардың барлық түрлерінің қосымша беттері мен қосымшаларының сериясы мен жеті саннан тұратын нөмірі болады (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - нөмірленуіне ұқсастық бойынша).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Оқу орындары жыл сайын 1 қазанға дейін білім беру саласындағы орталық атқарушы органға бланкілердің қажетті санына өтінім ұсынады.

6. Бланкінің төменгі бөлігінде білім беру ұйымы орналасқан қала, ауыл, аудан, облыс, бланкіні беру мерзімі: күні (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу кітабы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7. Бланкінің оң жағының екінші жағы оны басқа елге әкеткен жағдайда бланкіні заңдастыруға байланысты тиісті органның апостилі мен белгісін қоюға арналған.

8. Бланкіні толтырғаннан кейін оған енгізілген жазудың нақты және қатесіздігіне мұқият тексеру жүргізілуі тиіс. Қатемен жазылған құжат жарамсыз болып саналады.

9. Алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Куәліктерге, аттестаттарға қосымша бланкілер мынадай үлгіде толтырылады:

1) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық атау септігінде көрсетіледі.

2) Пәндер бойынша бағалар санмен, ал жақшада жазбаша қойылады.

3) Денсаулық жағдайына байланысты дене тәрбиесі және технологиядан босатылған 9, 11 (12) сыныптарда білім алушыларға "босатылған" деп жазылады.

4) "ана тілі", "әдебиет" бағандары ұлттық тілде оқытатын мектептерде (қазақ және орыс тілінде оқытатын мектептерден басқа) толтырылады.

5) "бейнелеу өнерінен" және "музыкадан" деген жолдар 6-сыныптағы жылдық баға бойынша толтырылады.

6) "Қолданбалы курстар" немесе "таңдауы бойынша курстар" сөздерінен кейін оқу жоспарына сәйкес курстардың атаулары жазылады. Сынақ жүйесі енгізілген пәндер бойынша - "есептелінді".

7) Туған күні, айы, жылы күні (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен) көрсетіліп жазылады.

8) аттестаттар, куәліктер бланкілеріне білім беру ұйымының директоры, директордың орынбасары және сынып жетекшісі қол қояды. Мөрге арналып қалдырылған орынға білім беру ұйымының мөрі қойылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Дипломдар бланкілері мынадай үлгіде толтырылады:

1) "мамандығы бойынша" "кәсіптік оқу бағдарламасын толық меңгерді" деген сөздердің алдында мамандықтың коды жазылады немесе атауы тырнақшада көрсетіледі.

2) Мамандық деген жолда "мамандығы бойынша" деген сөздер жазылады және біліктілік берілген мамандықтың атауы тырнақшада көрсетіледі.